

**Қаршығалы ауылдық округі Көктас ауылының Тельман, Гагарина көшелерінің және "Жаңа жол" елді мекеннің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қаршығалы ауылдық округінің әкімінің 2018 жылғы 10 шілдедегі № 01 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 12 шілдеде № 4874 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қаршығалы ауылдық округінің әкімінің 2019 жылғы 13 ақпандағы № 01 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қаршығалы ауылдық округінің әкімінің 13.02.2019 № 01 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 7-1/86 "Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 10414 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Қарқаралы ауданы Қаршығалы ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қаршығалы ауылдық округінің Көктас ауылының Тельман, Гагарина көшелерінің және "Жаңа жол" елді мекенінің аумағында ірі қара малдары арасынан бруцеллез ауруы шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Ветеринариялық-санитариялық, сауықтыру және шектеу іс-шаралары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өткізілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қаршығалы ауылдық округі  
әкімінің міндетін атқарушы*

*Р. Садвакасов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*"Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы  
Министрлігі Ветеринариялық бақылау және  
қадағалау комитетінің Қарқаралы аудандық  
аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің*

*басшысы*

*Т.Ж. Көпжасаров*

2018 жыл 10 шілде.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК